

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ИНСТИТУТЫ
МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»
Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми
Кеңесінің отырысы
Ғылыми Кеңес төрағасы/
«Утверждаю»
На заседании Ученого Совета
КазНПУ им. Абая
Председатель Ученого Совета
Ректор Т.О. Балыкбаев
Протокол № 4 от «28» 2017 г.



КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

5B010900-Математика
(бакалавр)

2017 года поступления

Алматы
2017

МАТЕМАТИКА, ФИЗИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ИНСТИТУТЫ

Мамандық 5В010900 - Математика (бакалавр)

Академиялық дәрежесі – 5В010900 - Математика мамандығы бойынша бакалавры

№ п/п	Пәннің атауы	Пәннің мақсаты және қысқаша мазмұны	Кредит саны	Пререквизиттері	Постреквизиттері	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері)
1.	Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ұйымдық негіздері. Бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлар, олардың себептері мен салдары. Төтенше жағдайлар кезіндегі ахуалға баға беру. Апаттан құтқару және басқа шұғыл жұмыстар. Төтенше жағдайдан халықты және шаруашылық нысандарын қорғау. Төтенше жағдайларда тұрғындардың қимыл-әрекеттері. Төтенше жағдайларға байланысты жарақаттанулар, жіті аурулар мен уланулар және дәрігерге дейінгі шұғыл көмек көрсету. Аса қауіпті індеттер және ВИЧ-инфекция мен СПИД. Әлеуметтік мәнді аурулар. Төтенше жағдайлар аймақтарына сипаттама. Радиация көздері. Табиғи радиоактивтілік, ядролық апат ошағы. Химиялық апат ошағы. Химиялық қауіпті объектілерде қолданылатын күшті әсер етуші улы заттардың сипаттамасы. Өткір сәуле ауруы. Төтенше жағдайлар ахуалында суды және азық-түлікті қорғау. Жарақаттар түрлері. Балалар жарақаты. Аса қауіпті жұқпалы аурулар. ВИЧ-түсініктеме, СПИД ауруы. ВИЧ-инфекциясының таралу жолдары.	2	Химия. Физика. Биология. Адам анатомиясы және физиологиясы.	Педагогика. Психология. Өзін-өзі тану. Құқықтану негіздері. Еңбек қауіпсіздігі. Экология	"Өмір қауіпсіздігі негіздері" пәнін оқып меңгеру нәтижесінде студент: - өмір сүру ортасындағы адам қауіпсіздігінің теориялық негіздерін, ТЖ-ды болжау және олардың салдарын жою әдістерін; - тіршілік қауіпсіздігіне қажетті қауіпсіз және зиянсыз жағдайлар жасауды; - әлеуметтік мәні бар және аса қауіпті жұқпалы инфекциялық аурулар туралы білуі керек. Шаруашылық пен техникалық жүйе нысандарының қызмет ету тұрақтылығын ескере отырып, оларды қазіргі кездегі қауіпсіздік талаптарына сәйкес пайдаланудың жаңа техникасы мен технологиялық процестерін жасай алуы керек. Мүмкін болатын апаттар, авариялар, төтенше жағдайларда халықты қорғау шараларын атқаруды, зардап шеккендерге маманданған дәрігер келгенше алғашқы медициналық көмек көрсетуді меңгеруі керек.
2.	Өзін-өзі тану	Әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірекендігін және бір-біріне тәуелді екендігін түсіну. Адам құндылықтарын түсіну, оның өмірін және адамгершілік қасиеттерін, құқықтарын және	2	Мектептегі өзін-өзі тану курсы	Педагогика. Психология. Құқықтану негіздері	Білім алушылар пәнді оқу нәтижесінде: әлемнің тұтастығын, адамның, қоғамның және табиғаттың бірекендігін және бір-біріне тәуелді екендігін түсінуі,

		бостандығын, осы құндылықтарды ұстануының жолы көрінуі. Өзін-өзі және әлемді танып білуде жасампаздық белсенділік көрсету.				адам құндылықтарын түсінуі, рухани адамгершілік қасиеттерін түсінуі, өмірдегі алатын орнын түсінуі керек. Сонымен қатар, қазіргі өзгермелі қоғамда өзін өзі жүзеге асыру, дамыту принциптері мен механизмдерін меңгеруі тиіс.
3.	Экономикалық теория негіздері	Экономика ғылым ретінде. Экономикадағы таңдау мәселесі. Қоғамдық өндіріс және оның факторлары. Капиталдың мәні, функционалдық формасы мен құрылымы. Өндіріс шығындары. Өндіріс факторларынан түсетін табыстар. Бизнес ұғымы мен мазмұны. Кәсіпкерлік қызметтің түрлері. Меншік теориясы, қоғамдық шаруашылық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық экономикалық жүйелер. Нарықтың экономикалық қатынастар жүйесі ретінде пайда болуы. Нарық экономикасы жағдайындағы табыстардың қалыптасуы. ҚР қаржы жүйесі. Бизнесі дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика және оның негізгі көрсеткіштері. Ресурс үнемдеуші экономикалық өсу. Экономикалық өсудің циклдылығы. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде.	3	Школьный курс математики, Теория вероятности и математическая статистика, Информатика, Основы права, Экономическая география, Общественные дисциплины	Педагогика. Психология. Менеджмент, Өзін-өзі тану. Құқықтану негіздері. Еңбек қауіпсіздігі.	Күтілетін нәтижелер: экономика мен бизнестен негізгі ұғымдар мен ғылыми білімдер кешенін біледі және меңгереді; нарықтық экономикадағы үрдістер мен экономикалық мәліметтерді талдап игереді; бизнесте өздігінен шешім қабылдауда іскерлік кешенін қолдануға қабілетті.
4.	Математикалық анализ бастамалары	«Математикалық анализ бастамалары» пәні жоғары оқу орнында математикалық анализ курсын одан әрі оқуға негізделген кіріспе пән. Осы пән мектептің алгебра және анализ бастамалары курсына негізгі анықтамалар мен ұғымдар туралы түсініктерін береді. Сонымен бірге, функцияның шегі, тамаша шектер, туындыны қолдану, оның физикалық және геометриялық мағыналары, анықталмаған интеграл және оны табудың әдістері түсініктері тереңірек оқытылады. Пәнді оқытудың негізгі мақсаты: студенттердің мектептегі алгебра және	3	Алгебра және анализ бастамалары	Математикалық анализ, дифференциалдық теңдеулер, математикалық физика теңдеулері, комплексті айнымалы функциялар теориясы, функционалдық анализ	Білім алушылар пәнді оқу нәтижесінде: - негізгі анықтамаларды түсінуі; - туындылар мен интегралдардың кестесін білуі; - функцияның туындысының қасиеттерін қолдануды, интегралдарды табудың әртүрлі әдістерін пайдаланып, функцияны интегралдауды білуі тиіс.

		анализ бастамалары курсынан білімдерін бекіту, мектеп бағдарламасына енетін математикалық анализ элементтерін тереңірек оқыту. Пән мазмұны: жиын және оларға амалдар қолдану. Нақты сандар аксиоматикасы. Сандық тізбектер. Функция. Функция шегі. Функцияның үздіксіздігі. Функцияның туындысы. Функцияның дифференциалы. Күрделі функцияның туындысы. Жоғары ретті туындылар. Функцияны зерттеу және графикті салу. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Рационал функциялардың интегралдау әдістері. Тригонометриялық функцияларды интегралдау. Иррационал функцияларды интегралдау.				
5.	Сызықты алгебра	Мақсат: студенттерді барлық математика курсын оқытуға қолданылатын сызықтық алгебраның негізгі ұғымдары мен заңдылықтарымен таныстыру. Қысқаша мазмұны: алгебра курсының негізгі ұғымдары: группа, сақина, өріс, матрицалар, оларға қолданылатын амалдар, сызықтық кеңістік, евклидтік және унитарлы кеңістік.	3	Мектеп курсының алгебра және анализ бастамалары	Аналитикалық геометрия, Алгебра және сандар теориясы, Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика	Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер :комплекссті санды дәрежелеу мен түбірден шығара білу, оларды есептеуде анықтауыштар қасиетін, минор және алгебралық толықтауыштарды қолдану, сызықтық теңдеулер жүйесін Крамер, Гаусса әдістерімен шешу, кері матрицаны таба білу, көпмүшені қалдықпен бөлуді білу, Евклид алгоритмі, Горнер схемасын, Штурм әдісін білу, көп айнымалы теңдеулер жүйесін Гребнер базисі арқылы шешу, Матрица рангісін табуды білу.
6.	Программалау	Бұл пәнде қазіргі кездегі программалау тілдерінің методологиясы, программалаудың базалық дағдысы, объектілі-программалық жобалау технологиясы, программалау тілдерінің синтаксис және семантика негіздері оқылады.	2	Мектеп информатика курсы	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пәнді оқу нәтижесінде студенттер: заманауи программалау тілдерін, объектілі-программалық жобалау технологиясын, программалау тілдерінің синтаксис және семантика негіздерін білуі тиіс. Сонымен бірге программалаудың дағдысын меңгеруі тиіс.
7.	Мектеп математика	Мақсаты: білім алушылардың математиканың табиғаты және оның даму	3	Мектеп математика курсы,	Математиканы оқыту әдістемесі.	Курсты оқып үйрену нәтижесінде студент:

	курсының ғылыми негіздері	тенденциялары, математикалық абстракциялардың мәні мен пайда болуы, нақты әлемдегі құбылыстар мен үдерістердің математика ғылымы арқылы бейнелену табиғаты, математиканың ғылымдар жүйесіндегі және математикалық моделдеудің ғылыми танымдағы рөлі туралы дұрыс түсініктерін дамыту. Қысқаша мазмұны: Мектеп геометрия курсының логикалық құрылымы. Алгебра, алгебра және анализ бастамалары курсының логикалық құрылымы. Заманауи математикадағы құрылым түсінігі және мектеп математикасының негізгі құрылымдарына шолу. «Математика» оқу бағдарламалары, олардың ерекшеліктері мен құрылымы. Математикалық белгілердің тілі және математикалық логиканың бастамасы. Мектептегі математика курсындағы жалпылау, дербестеу және аналогия. Теоремалардың конструктивті дәлелдеуі.		Элементарлы математика.	Математикадан стандартты емес есептерді шешу әдістемесі.	- нәтижеге бағдарланған білім беру жағдайында математикалық білім беру идеясын түсіндіре алуы; - математикалық білім сапасы ұғымының мәнін түсіндіре алуы; - математикалық білім беру мақсаты мен міндеттерін сипаттай алуы; - математика оқу бағдарламаларының, оқулықтарының құрылымын сипаттай алуы; - математикалық білімнің жалпы орта білім берудегі әлеуетін түсіндіре алуы тиіс.
8.	Математикалық талдау-1	«Математикалық анализ» курсының мақсаты Студенттерге айнымалы шамаларды зерттеу әдістерін, шектер теориясының негізгі ұғымдары мен әдістерін, функцияны дифференциалын табу ұғымдарымен таныстыру. Курстың негізгі міндеттері: айнымалы шамаларды зерттеу әдістерін, функция мен тізбектер шектерін есептеу әдістерін, функцияны дифференциалын табуды меңгерту.	3	Алгебра және анализ бастамалары, алгебра және сандар теориясы, геометрия, мектеп математикасы	Математикалық анализ 2, математикалық анализ 3, математикалық анализ 4, аналитикалық геометрия -1, аналитикалық геометрия -2.	Пәнді оқу нәтижесінде студент: математикалық анализ мәселелері мен оны шешудің жолдарын логикалық негіздеуді түсінуі керек, нақты сандар теориясын білулері, функция үзіліссіздігі, дифференциалдау, шектерді есептеудің негізгі формулаларын, функцияларды зерттеуді білу, функцияның шектік мәндерін, жуық мәндерін есептеу, графиктерін салуды білулері тиіс.
9.	Аналитикалық геометрия	Мақсаты: аналитикалық геометрия және комплекс сандар теориясы элементтерін меңгерту Қысқаша мазмұны: қосу, азайту, скаляр көбейтінді. Векторлық және аралас көбейтінділер, қасиеттері. Кесінді ұзындығы, кесіндіні қаж бөлу. Жазықтықтағы түзудің теңдеулері. Түзудің перпендикулярлық және параллелдік шарттары. Түзулер шоғы. Жазықтықтың теңдеулері II- ретті беттер.	2	Мектеп математика курсы, Геометрия	Математикалық анализ, дискретті математика, математикалық модельдеу	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - пәннің негізгі ұғымдарын ұғынып, негізгі ұғымдары мен әдістерін есептеулерге қолдана білулері тиіс

		Комплекс сандар, оларға амалдар қолдану. Евклидтік кеңістік.				
10.	Математикалық талдау-2	Мақсаты: болашақ кәсібінде математикалық талдаудың негізгі тұжырымдары мен әдістерін қолдана білу, оқу тәрбие үдерісін модельдей білу және оны оқып үйрену тәжірибесінде жүзеге асыра алу қабілеттілігін жетілдіру, білім алушылардың математикаға қызығушылығын қалыптастыру тәсілдерін меңгеру. Қысқаша мазмұны: Анықталмаған интеграл анықтамасы, қасиеттері. интегралдаудың негізгі әдістері. Рационал, иррационал, тригонометриялық функцияларды интегралдау. Анықталған интеграл, қасиеттері және оның қолданылуы. Меншіксіз интегралдар. жинақты сан қатары анықтамасы, қасиеттері. Теріс мүшелі қатарлар. Абсолютті және шартты жинақты қатарлар. Дәрежелік, Тейлор, Фурье қатарлары. Көп айнымалы функциялар, шегі, үзіліссіздігі, дифференциалдық есептеулері. жоғары ретті дербес туындылар. Көп айнымалы функциялардың экстремумдары. Шартты экстремум.	2	Элементар математика, сызықтық алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық талдау-1.	Математикалық талдау -3, комплекс айнымалы функциялар теориясы, математикалық физика теңдеулері, дифференциалдық теңдеулер	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - бірнеше нақты айнымалылы функцияларды дифференциалдық есептеудің негізгі ұғымдары мен әдістерін, бір айнымалылы функцияның интегралдық есептеулерін, -көп айнымалылы функцияларды экстремумға зерттеуді, функцияның шектік және жуық мәндерін есептеуді, меңгеруі тиіс. -кез қиындық деңгейіндегі есептерді шешуді, математикалық анализ 2-әдістері мен негізгі тұжырымдарын қолдана білу; - білім алушылардың математикаға қызығушылығын қалыптастырудың тәсілдерін игеру; - өз білімдерін «математикалық анализ 3» пәнін оқып үйренуде қолдана алу дағдылары қалыптасуы тиіс
11.	Математикалық есептерді шығару практикумы	Курстың мақсаты: мектеп математика курсының есептерін шешу біліктілігін қалыптастыру, болашақ мұғалімнің әдістемелік білктіліктілігі мен дағдысын қалыптастыру, оқушыларға есептер шығару жолдары туралы әдістемелік ойларын қалыптастыру. Пәннің мазмұны: теңбе-тең түрлендірулер, теңдеулер мен олардың жүйесін, теңсіздіктер мен олардың жүйесін шешу, тригонометриялық, планиметриялық, стереометриялық есептерді шешу.	3	Элементарлық математика, алгебра және сандар теориясы, математикалық анализ, геометрия	Математиканы оқыту әдістемесі, Математикалық есептерді шешуге үйретудің әдістемелік негіздері, Олимпиадалық және конкурстық есептерді шешу әдістері	Пәнді оқу нәтижесінде студенттері: теңбе-тең түрлендірулерге, теңдеулер мен олардың жүйесін, теңсіздіктер мен олардың жүйесін, тригонометриялық, планиметриялық, стереометриялық есептерді шеше білуі тиіс. Сонымен қатар, мектеп математика курсынан математикалық білімдерін ҰБТ және ОЖСБ есептерін шешуде қолдана білуі керек.
12.	Ықтималдықтар теориясы және математикалық	Мақсаты: кездейсоқ факторларды ескеретін математикалық модельдерді құру және талдау жөніндегі негізгі мағлұматтарды	3	Математикалық анализ 1, 2,3.	Функциональдық анализ, Объектілі-бағытталған	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарын (ықтималдық

	статистика	беру, ықтималдық теориясының іргелі ұғымдарымен таныстыру, математикалық статистиканың есептерінің қойылымының негізгі әдістері және оларды шешуге үйрену. Ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары. Оқиға және ықтималдық. Ықтималдық теориясының аксиомалары. Ықтималдық кеңістігі. Комбинаторикалық анализ элементтері. Ықтималдық қасиеттері. Шартты ықтималдық және оның қасиеттері. Ықтималдықтарды көбейту теоремасы. Тәуелсіздік. Толық ықтималдықтар формуласы. Байес формуласы. Екі және n оқиғаның тәуелсіздігі. Сынақтар тізбегі. Тәуелсіз сынақтар. Бернуллі схемасы. Биномдық үлестіру. Бернуллі схемасы үшін үлкен сандар заңы. Локалдық және интегралдық Муавр – Лаплас теоремасы. Марков тізбегі. Кездейсоқ шамалар және олардың сипаттамалары. Кездейсоқ шаманың математикалық үміті және оның қасиеттері. Кездейсоқ шаманың дисперсиясы және оның қасиеттері. Орта квадраттық ауытқу. Чебышев теңсіздігі. Чебышев теоремасы. Бернуллі теоремасы. Орталық шектік теорема туралы түсінік. Математикалық статистиканың негізгі есептері. Параметрлі бағалауын табу әдістері. Сенім интервалдарын жуықтап құру. Екі гипотезадан шығатын математикалық статистиканың негізгі үлестірімдері. Нейман-Пирсон критерийі.			программалау	теориясының аксиоматикасын, кездейсоқ оқиғалар мен күрделі оқиғалардың ықтималдықтарын анықтаудың әдістері мен негізгі тәсілдері, бірөлшемді және көпөлшемді кездейсоқ шамаларды сипаттау, ықтамалдылық теориясының шектік теоремалары) білулері тиіс; - кездейсоқ шамалардың ықтималдылығын, сандық сипаттамаларын есептеуді, математикалық статистиканың есептерін шешуді менгерулері тиіс; - ғылыми зерттеулерде ықтималдылық теориясының әдістерін қолдану дағдылары қалыптасуы тиіс.
13.	Дифференциалдық геометрия	Мақсат: Дифференциалдық геометрияның негізгі ұғымдары мен орнықтылық теориясымен таныстыру. Қысқаша мазмұны: Қисықтар теориясы. Негізгі ұғымдары. Жазықтықтағы қисықтар. Үшөлшемді кеңістіктегі қисықтар. Ортогональ түрленулер тобы. Беттер теориясы. Регулярлы беттер және бірінші квадраттық форма. Екінші реттік квадраттық форма және нормаль қиылысулар қисықтығы. Гаусс қисығы. Бонне теоремасы	2	Математикалық анализ 1, 2,3.	Функциональдық анализ	Пәнді оқу нәтижесінде студент: -қисықтар, жазықтықтағы қисықтар теорияларын, Гаусс қисығын, Бонне, Гаусс теоремаларын, ковариантты және геодезиялық дифференциалдауды білулері тиіс; Регулярлы беттер және бірінші, екінші реттік квадраттық форма және нормаль қиылысулар қисықтығының есептерін

		және деривациялық теңдеулер. Гаусс теоремасы. Ковариантты және геодезиялық дифференциалдау. Эйлер-Лагранж теңдеулері және геодезияның экстремальді қасиеттері. Геодезиялық қисық. Гаусс-Бонне формуласы. Минимал беттер.				шығаруды, деривациялық Эйлер-Лагранж теңдеулерін есептеуді менгеруі тиіс ; ғылыми зерттеулерде дифференциалдық геометрия әдістерін қолдану дағдылары қалыптасуы тиіс .
14.	Математикалық талдау-3	Мақсаты: математика пәні бойынша маманданатын студенттерді ғылым мен техниканың басқа салаларында пайда болатын әртүрлі функциялардың дифференциалдық және интегралдық есептеулерін есептер шешуде қолдануға үйрету. Қысқаша мазмұны: Риман екі еселі интегралы анықтамасы және қасиеттері. Қос интегралды қайтамалыға келтіру. Қос интегралды есептеуге поляр координатасын қолдану. Үштік интеграл анықтамасы және қасиеттері. Үштік интегралды қайтамалыға келтіру. Үштік интегралды есептеуге сфералық координатаны қолдану. Қисық сызықты бірінші текті интегралдар. Қисық сызықты бірінші текті интегралдардың геометриялық интерпретациясы. Қисық сызықты екінші текті интегралдар. Қисық сызықты екінші текті интегралдардың механикалық мағынасы. Жазықтықтағы Грин формуласы. Қисық сызықты екінші текті интегралдардың интегралдаудан тәуелсіздік шарттары. Қисық сызықты интегралдардың геометриялық және механикалық түсініктері. Қарапайым беттер. Жанама жазықтық және жазықтыққа нормаль. Жазықтықтық бірінші текті интегралдар. Жазықтықтық екінші текті интегралдар. Өрістер теориясының элементтері. Скаляр және векторлық өріс. Векторлық өрістің ротор және дивергенциясы. Остроградский-Гаусс, Стокс формулалары.	3	Сызықтық алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық анализ -1, математикалық анализ – 2.	Дифференциалдық теңдеулер, алгебра және сандар теориясы, функциялар теориясы	Пәнді оқу нәтижесінде студент: еселі, қисық сызықты және беттік интегралдар теориясын білуі тиіс . Еселі интегралдарды есептеуді, оларды физикалық, геометриялық есептерді шешуге қолдануды, бірінші және екінші текті беттік интегралдарды есептеуді менгеруі тиіс . Көп айнымалы тәуелсіз функцияларды интегралдау тәсілдерін, өрістер теориясының элементтерін, бірінші және екінші текті беттік интегралдарды әртүрлі есептерді шығаруға қолдана алу дағдылары қалыптасуы тиіс .
15.	Физика	Пәнді оқытудың мақсаты: студенттерді физика негіздерімен жалпы физика	3	Мектеп физика курсы	Аналитикалық геометрия,	«Физика» пәнін оқу нәтижесінде студент

		курсының бағдарламасы көлемінде таныстыру. Физика курсын оқытудың негізгі міндеттері: студент жалпы физиканың негізгі заңдарын меңгеруге, есептерді шығаруға, теорияны қолдануға тиісті. «Физика» курсының негізгі тараулары: механика, молекулалық физика және термодинамика, нақты газдар, сұйықтар және қатты денелер, электрдинамика, тербелмелі қозғалыстар және толқындар, оптика, кванттық және атомдық физика негіздері, атомдық ядроның және элементарлық бөлшектердің физикасының элементтері болып табылады. Кинематика. Динамика. Жұмыс және энергия. Қатты денелер механикасы. Сұйықтар механикасы. Идеал газдың молекулалық және кинетикалық теориясы. Термодинамика. Нақты газдар. Қатты денелер.Электрстатика.Тұрақты ток. Магнетизм. Электрмагниттік индукция. Геометриялық және толқындық оптика. Сәулеленудің кванттық табиғаты. Атомдық физика. Ядролық физика.			Математикалық анализ, Математикалық физика теңдеулері	<i>білуі қажет:</i> -механиканың, молекулалық физиканың, электродинамиканың, оптика және кванттық физиканың негізгі модельдерін; - негізгі физикалық заңдарды және теорияларды, олардың қолданылуы мен шекараларын; -физикалық жүйелердің негізгі қасиеттері мен оларды оқып үйренудің жолдарын; -физиканың тәжірибелік зерттеу әдістерін; -терминология мен символиканы. <i>меңгеруі қажет:</i> -практикалық есептерді шешуде физикалық теорияның математикалық аппаратын қолдануды; - курстың бағдарламасына сәйкес есептерді сандық және сапалық тұрғыдан шеше білу; - өлшеу қателіктерін ескере отырып, физикалық эксперименттерді жоспарлау және жүргізу.
16.	Математиканы оқыту әдістемесі практикумы	Мақсаты: Болашақ мұғалімдерге әдістемелік-математикалық білім беру, бұл тәжірибелерді меңгеру олардың оқушыларға математиканы оқытып үйретуді және ғылыми ойлаудың логикалық, қатаң түрдегі дағдыларын қалыптастыру болып табылатын кәсіби міндетін орындауға көмектесетінін ашып көрсету болып табылады. Қысқаша мазмұны: Сан ұғымын кеңейту; Сандық және алгебралық өрнектер; Теңдеулер және олардың мектеп математика курсындағы алатын орны; Теңсіздіктердің мектеп математика курсындағы алатын орны; Планиметрия курсын құрудың аксиоматикалық амалы; Стереометрия курсының логикалық құрылымы; Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар	3	Элементар математика. Алгебра және сандар теориясы. Математикалық анализ элементтері. Геометрия, Математиканы оқыту әдістемесі	Математиканы оқытуды ұйымдастыру. Қазіргі заманғы сабақ, Математиканы оқытуды бейіндік және деңгейлік саралау, Математиканы оқытудың инновациялық әдістері, Мектепте математикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері,	Курсты оқып үйрену нәтижесінде студент: - нәтижеге бағдарланған білім беру жағдайында математикалық білім беру идеясын түсіндіре алуы; - математикалық білім сапасы ұғымының мәнін түсіндіре алуы; - математикалық білім беру мақсаты мен міндеттерін сипаттай алуы; - математика оқу бағдарламаларының, оқулықтарының құрылымын сипаттай алуы; - математикалық білімнің жалпы орта білім берудегі әлеуетін түсіндіре алуы тиіс.

		жүйесі; Сандар жүйесін оқытып-үйрету әдістемесі. Теңбе-тең түрлендірулерді оқытып-үйрету әдістемесі. Функцияны оқытып-үйрету әдістемесі. Теңдеулерді оқытып-үйрету әдістемесі. Мәтінді есептерді шығаруды оқытып-үйрету әдістемесі. Теңсіздіктерді оқытып-үйрету әдістемесі. Математикалық анализ элементтерін оқытып-үйрету әдістемесі. Планиметрия курсы оқытып-үйрету әдістемесі. Стереометрия курсы оқытып-үйрету әдістемесі. Аналитикалық геометрия элементтерін оқытып-үйрету әдістемесі.			Математика тарихы. Курстық жұмыс. Педагогикалық практика. Диплом жұмысы. Мемлекеттік емтихан	
17.	Математикалық талдау-4	Мақсат: студенттерді математикалық анализ-4 негізгі ұғымдары мен Қысқаша мазмұны: Комплекс сандар және комплекс айнымалы функциялар: Кеңейтілген комплекстік жазықтық. Комплекс сандар тізбегі, қатары. Комплекс айнымалы функциялар және олардың шегі және үзіліссіздігі. Комплекс жазықтықтағы жиындар. Комплекс айнымалы функциялар қатары. Дәрежелік қатарлар: Абель теоремасы, Коши-Адамар формуласы. Комплекс айнымалы функциялардың туындысы және интегралдары: Тейлор және Лоран қатары: Аналитикалық функциялардың Тейлор қатарына жіктелуі. Қалындыларды интегралдарды есептеулерге қолдану.	3	Элементар математика, сызықтық алгебра, аналитикалық геометрия, математикалық анализ -1, математикалық анализ – 2, математикалық анализ – 3	Дифференциалдық теңдеулер, алгебра және сандар теориясы, функциялар теориясы	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - комплекс айнымалы функциялар олардың үзіліссіздігі, шегі теориясын, комплекс айнымалы функциялар қатарын білуі тиіс - Комплекс айнымалы функциялардың туындысы және интегралдарының есептеулерін меңгеруі тиіс. аналитикалық функциялардың Тейлор қатарына жіктелуі. Қалындыларды интегралдарды есептеулерге қолдана алу дағдылары қалыптасуы тиіс.
18.	Дифференциалдық теңдеулер	Мақсат: қарапайым дифференциал теңдеулер теориясының анықтамасымен, негізгі ұғымдарымен, бірінші және екінші жоғарғы ретті кейбір теңдеулерді интегралдаудың аса маңызды әдістерімен, теңдеулер шешімдерінің болуы теориясымен, дифференциалдық теңдеулердің сапалы теориясымен, тұрақтылық теориясымен таныстыру. Қысқаша мазмұны: Дифференциалдық теңдеу. Бағыт өрісі, интегралдық қисықтар. Бірінші ретті теңдеулер: айнымалылары ажыратылатын теңдеулер, біртекті	3	Математикалық анализ, алгебра және сандар теориясы, аналитикалық геометрия.	Математикалық физика негіздері, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, анализдің қосымша тараулары, функциялар теориясы	Пәнді оқу нәтижесінде студент: -қарапайым дифференциал теңдеулердің негізгі ұғымдары мен анықтамасын, бірінші және жоғарғы ретті теңдеулердің кейбіреулерін интегралдау әдістерін, дифференциал теңдеулердің шешімінің болуы туралы теореманы білуі тиіс ; - бірінші және жоғарғы ретті дифференциал теңдеулерді шешуде интегралдау әдістерін қолдануды, Коши есебін шешуді меңгеруі

		теңдеулер, толық дифференциалды теңдеулер, сызықтық теңдеулер, Бернулли теңдеуі, параметр енгізу әдісі, Лагранж және Клеро теңдеулері. Коши есебі: есептің бар болуы және жалғыздығы туралы теорема. Жоғары ретті дифференциалдық теңдеулер: квадратурада интегралданатын теңдеулер және реті төмендетілетін теңдеулер. n-ші ретті сызықтық дифференциалдық теңдеулер. Шешімдердің фундаментальды жүйесі. Біртекті емес сызықтық теңдеулер, жалпы шешімнің құрылымы. Тұрақты коэффициентті сызықтық біртекті және біртекті емес дифференциалдық теңдеулер: анықталмаған коэффициенттер әдісі және тұрақтыны вариациялау әдісі. Дифференциалдық теңдеулер жүйесі. Тұрақты коэффициентті сызықтық дифференциалдық теңдеулер жүйелері. Бірінші ретті дербес туындылы теңдеулер				тиіс; - дифференциалдық теңдеулерді зерттеу, бірінші және жоғарғы ретті дифференциалдық теңдеулерді интегралдау дағдылары қалыптасуы тиіс.
19.	Дискретті математика және математикалық логика	Мақсаты: студенттерді математикалық логиканың алғашқы ұғымдарымен, дискретті математиканың негізгі бөлімдері және олардың қолдануларымен таныстыру, басқа пәндерді меңгеруге теориялық және тәжірибелік тұрғыдан дайындау. Қысқаша мазмұны: Жиындар теориясының элементтері. Жиындар және оларға амалдар қолдану. Бинарлық сәйкестіктер және оларға амалдар қолдану. Жиын және оның түрлері. Айтылымдар алгебрасы. Айтылымдар және оларға амалдар қолдану. Айтылымдар алгебрасының формулалары. Ақиқат кестелері. Тавтологиялар және қайшылықтар. Айтылымдар алгебрасының заңдары. Формулаларды эквивалентті түрлендірулер. Предикаттар алгебрасы. Предикат ұғымы. Квантор ұғымы. Предикаттар алгебрасының формулалары. Предикаттар алгебрасының заңдары. Кванторлы формулалар үшін де Морган заңдары. Комбинаторика элементтері. Комбинаторика элементтері. Математикалық	3	Математикалық анализ, алгебра және сандар теориясы, Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика.	Математикалық физиканың негіздері, анализдің қосымша тараулары, функциялар теориясы сандық әдістер	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - айтылымдар және предикаттар алгебраларының, комбинаториканың, буль функцияларының теориясының, алгоритмдерді формальді түрде құрудың, графтар теориясының, кодтау теориясының негізгі ұғымдарын және әдістерін білуі тиіс; - математикалық тұжырымдарды логикалық символикаларды қолдана отырып жазуды, формулаларды, оның ішінде кванторлары мен предикаттары бар формулаларды түрлендіруді, қалыпты формаларды есептеуді, айтылымдар алгебрасын қолдануды, теориялар моделін құруды, қайшылықсыздықты, аксиомалар жүйесінің тәуелсіздігін тексеруді меңгеруі тиіс. - математикалық логиканың негізгі

		индукция әдісі. Комбинаториканың негізгі ережесі. Комбинаториканың негізгі формулалары. Ньютон биномы. Буль функциялары. n айнымалыдан тұратын буль функцияларының саны. Буль функцияларының суперпозициялары. Элементарлық бульдік функциялар және олардың қасиеттері. Графтар теориясының элементтері. Графтар теориясының негізгі ұғымдары. Ағаштар және олардың қасиеттері. Графтарды берудің әртүрлі тәсілдері. Графтың түрлері. Кодтау теориясының элементтері. Кодтаудың негізгі есептер. Кодтаудың есептері, қағидалары және қолданулары. Декодтау.				бөлімдері бойынша есептер шығаруды, логикалық түрлендірулердің техникасын қолдану, кванторлармен жұмыс істеу, формулалардың шығарылуының дәлелдемесі және қорытындылау ережесін қолдануға байланысты есептеу формулаларын дәлелдеу дағдылары қалыптасуы тиіс.
20.	Комплексті айнымалылы функциялар теориясы	Пәнді оқыту мақсаты: комплексті айнымалы аналитикалық функцияларды зерттеу әдістерін меңгеру. Қысқаша мазмұны: Коши интегралының теориясы, Тейлор және Лоран қатарына жіктеу, қалыңдылар теориясы және оның интегралды есептеуде қолданылуы. Комплекс сандар. Кеңейтілген комплексті жазықтық. Комплекс сандар тізбегі және олардың шегі. Комплекс сандар қатары. Комплекс айнымалы функциялар: шегі және үздіксіздігі. Комплекс айнымалы функциялар қатары. Дәрежелік қатарлар. Кеңейтілген комплексті жазықтықтағы жолдар мен қисықтар. Комплекс айнымалы функциялардың дифференциалы. Комплекс айнымалы функциялардың интегралы. Кошидің интегралдық теоремасы. Кошидің интегралдық формуласы. Аналитикалық функцияның Тейлор қатарына жіктелуі. Аналитикалық функцияның нөлдері. Аналитикалық функцияның жалғыздық теоремасы. Лоран қатары. Бірмәнді сипаттағы оқшауланған ерекше нүктелер. Қалыңдылар. Қалыңдылардың толық қосындысы туралы теорема. Интегралдарды есептеуде	2	Математикалық анализ-1, 2, 3, Аналитикалық геометрия	Функционалдық анализ, Математикалық физика теңдеулері	Пәнді оқу нәтижесінде студенттер: комплекс айнымалы функциялар теориясының логикалық негіздемесі мәселесін және оларды шешудің әртүрлі жолдарын; комплекс сандар, аналитикалық функция теориясының құрылымының жолдарын, комплекс айнымалы функциялар интегралдарының теориясын білуі керек. Комплекс сандармен жұмыс істеуді, комплекс айнымалы функцияларды дифференциалдауды және интегралдауды, комплекс айнымалы дәрежелік қатарлармен жұмыс істеуді меңгеруі тиіс. Комплекс айнымалы аналитикалық функцияларды зерттеудің әдістерін игеруі тиіс.

		қолданылуы.				
21.	Стандартты емес есептерді шығаруға үйретудің әдістемесі	Математикадан стандартты емес есептерді шығарудың әдістері мен тәсілдері. Алгебрадан стандартты емес есептер; Геометриядан стандартты емес есептер; Алгебра және анализ стандартты емес есептер.	3	Мектеп математика курсы; Математикалық есептерді шешу практикумы	Математиканы оқыту әдістемесі, Мектепте математикалық есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік негіздері, Олимпиада және конкурстық есептерді шығару әдістері	Студенттердің абстрактілі ойлау, талдау, жүйелей дағдылары қалыптасады; Стандартты емес есептерді шығаруға дағдыланады.
22.	Математиканы оқытуды ұйымдастыру. Қазіргі заманғы сабақ	Студенттерді оқу жоспарын құрастыруға үйрету, математика сабағында қазіргі заманғы әдістерді қолдануға үйрету. Сабақтың жоспары, міндеттері, сабақтың түрлері. Оқыту әдістері. Сабақтың жоспарын құрастыру. Сабақты ұйымдастыру. Оқыту технологиялары.	3	Мектеп математика курсы, элементарлы математика	Математиканы оқыту әдістемесі, кәсіби практика, дипломдық жұмыс	Пәнді оқыту нәтижесінде студенттер сабақтың кезеңдерін біледі, қазіргі заманғы оқыту технологияларын қолданып, сабақты ұйымдастыра алады.
23.	Математиканы оқытуды бейіндік және деңгейлік саралау	Бейінді оқыту – білім беру үдерісінің құрылымында, мазмұнында және ұйымдастырылуында өзгерістер есебінен оқушылардың қызығушылықтары, бейімдіктері және қабілеттері толық есепке алынғанда, оқуды жалғастыруға байланысты жоғары сынып оқушыларының кәсіптік қызығушылықтары мен ниеттеріне сәйкес білім алулары үшін жағдай жасалған кездегі білімді дифференциациялау және даралау құралы. Бұл ретте оқушының жеке білім траекториясын құру мүмкіндігі ұлғаяды.	3	Психология, Педагогика, Элементарлы математика	Математиканы оқыту әдістемесі, Математикалық есептерді шешу практикумы, математиканы оқыту әдістемесі бойынша элективті пәндер, Математика мұғалімінің қызметі	Жалпы білім беретін мектепте оқытудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын, математика мұғалімінің кәсіби қызметінің ұйымдастырушылық құқықтық негіздерін біледі; теориялық білімдерін практикада қолдана алады, оқу жұмысының инновациялық түрлері мен бар технологияларды қолдану, сонымен қатар жаңа технологияларды жасау дағдыларына ие болады, тәрбие және оқыту қызметіне дайын болады, математикалық білім беру саласында ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінің дағдыларына ие болады
24.	Математикалық физика теңдеулері	Мақсаты: студенттерді жаратылыстанудағы әртүрлі құбылыстар мен үрдістердің математикалық моделін құру әдістерімен, осы модельдерге байланысты туындаған математикалық есептерді зерттеумен,	3	Математикалық анализ, дифференциалды теңдеулер, комплекстік анализ,	Функциональдық анализ, сандық әдістер, интегралдық теңдеулер	Пәнді оқу нәтижесінде студент: - физикалық үрдістер мен құбылыстардың математикалық модельдерін құруды, математикалық есептерді шешуде

		алынған шешімдердің физикалық мағынасын түсіндірумен байланысты мәселелермен таныстыру. Қысқаша мазмұны: Дербес туындылы теңдеулер теориясының негізгі ұғымдары. Есеп қойылымының дұрыстығы. Екінші ретті дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер және олардың жіктелуі. Теңдеулерді канондық түрге келтіру. Ішек тербелісінің теңдеуі. Негізгі есептердің қойылымы. Толқындар теңдеулері үшін Коши есебі. Даламбер функциясы. Аралас гиперболалық теңдеулер үшін Фурье әдісінің жалпы сызбасы. Жылуөткізгіштік теңдеуі. Жылуөткізгіштік теңдеуі үшін бірінші шектік есеп. Максимум принципі. Жылуөткізгіштік теңдеуі үшін аралас есеп. Жылуөткізгіштік теңдеуі үшін Коши есебі.		нақты айнымалы функциялар теориясы		пайда болатын негізгі зерттеу әдістерін, математикалық физика теңдеулерінің қорытындыларын білуі тиіс; - физикалық үрдісті сипаттайтын есептің қойылымын, оның теңдеуін жазуды, математикалық есептерді зерттеу әдістерін, алынған шешімдердің физикалық мағынасын түсіндіруді меңгеруі тиіс; - математикалық физиканың теңдеулері арқылы физикалық үрдістерді модельдеу, математикалық физиканың есептерін талдау және зерттеу әдістерін игеру, әдебиеттермен, қазіргі ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу дағдылары қалыптасуы тиіс.
25.	Математиканы оқытудың инновациялық әдістері	Математиканы оқытудағы инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістер. Педагогикалық технологиялар: түсінік және типология. Математиканы оқыту технологиялары мен әдістерінің классификациясы. Математиканы оқыту технологиялары мен әдістерін жүзеге асырудың жалпылама механизмі. Математиканы оқытудағы түсіндірмелі-безендіру технологиялары мен белсенді оқыту әдістері. Математиканы оқытуда тұлғалы-бағдарлық технологияларды қолдану.	3	Элементарлық математика, Мектеп математика курсының ғылыми негіздері, Математиканы оқыту әдістемесі, Математиканы оқыту әдістемесінің практикумы	Математиканы оқытуды ұйымдастыру. Қазіргі заманғы сабақ, Математиканы оқытуды бейіндік және деңгейлік саралау, Мектепте математикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері	Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар: - математиканы оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін; - оқу процесін ұйымдастырудың жаңаша формалары мен тәсілдерін; - математиканы белсенді оқыту әдістерін; - математиканы интерактивті оқыту әдістерін білуі тиіс. Сонымен бірге, жаңартылған білім мазмұны бойынша ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларға сәйкес қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеуді меңгеруі және оқу процесін ұйымдастыруды меңгеруі тиіс.
26.	Мектепте математикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері	Пәнінің мақсаты – білім беру үдерісінің құрылымында, мазмұнында және ұйымдастырылуында өзгерістер есебінен оқушылардың қызығушылықтары, бейімдіктері және қабілеттері толық есепке	3	Элементар математика, Математика тарихы, педагогика	Орта мектепте, арнайы, жоғары оқу орындарында математика пәнін оқыту әдістемесі;	«Мектепте математикадан білім берудің қазіргі мәселері» <i>пәнін оқу негізінде студент:</i> – білім беру жүйесіне жаңа технологияларды оны енгізуді

		алынғанда, оқуды жалғастыруға байланысты жоғары сынып оқушыларының кәсіптік қызығушылықтары мен ниеттеріне сәйкес білім алулары үшін жағдай жасалған кездегі білімді дифференциациялау және даралау құралы. Бұл ретте оқушының жеке білім траекториясын құру мүмкіндігі ұлғаяды. Математика мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие және төмендегідей бағыттар бойынша кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды дайындау: жан-жақты дамыған білім алушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу, математика саласында жүйеленген білімді қалыптастыру, математикадан оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру, ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру арқылы оқыту <i>болып табылады.</i> «Мектепте математикадан білім берудің қазіргі мәселелері» <i>пәнінің негізгі міндеттері:</i> қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес болашақ математика мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету; болашақ математика мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін және жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру; физикалық, рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.			Орта мектепте, арнайы, жоғары оқу орындарында математика пәнінен білім беруді ұйымдастыру; Математиканың барлық салалары; Іргелес жаратылыстану пәндерімен математиканы оқытуды байланыстыру.	негіздейтін нормативтік құжаттар мен оның талаптарының практикада жүзеге асырылу жағдайларына талдау жасауды; – мемлекеттік стандартқа сәйкес математикадан тақырыптар мен негізгі анықтамаларды сипаттауды <i>білуі керек;</i> – жоғары оқу орындарында студенттердің білім берудің әдістемелік ерекшеліктерін айқындауды; – оқыту жүйесінде жоғары мектепте студенттердің білімін тексеру мен бағалау әдістемесін (баллдық-рейтингтік жүйесін) құруды; – мемлекеттік стандартқа сәйкес математикадан тақырыптар мен негізгі анықтамаларды сипаттай отырып, дидактикалық бірліктерді анықтау негізінде бақылаулық-тестілік материалдар дайындауды <i>меңгеруі керек.</i>
27.	Математика тарихы	Мақсаты: болашақ мұғалімдерге математиканың даму тарихы туралы түсінік беру. Қысқаша мазмұны: Математиканың даму тарихының жалпы сипаттамасы. Математика тарихының даму дәуірлері мен кезеңдері. Әл-Фараби, әлам ад-дин әл-Жауһари, Ахмет Фараби, ат-Түркістани, әл-Бируни, ибн Сина, Насыреддин ат-Туси, Омар Хайям, т.б. математикалық мұралары. Герберт,	3	Математиканы оқыту әдістемесі. Элементар математика.	Математиканы оқыту әдістемесінің тарихы, Курстық жұмыс. Диплом жұмыс. Мемлекеттік емтихан.	Пәнді оқу негізінде студент: - математиканың даму тарихы мен әдіснамасын; - математиканың даму кезеңдерінің сипаттамасын; - математика ғылымынан әр кезеңдерде ашылған жаңалықтардың мазмұнын; - қазақ математикасының негізін салушылардың қол жеткізген

		Пизанский, Неморарий, Орем, Видман, Пачоли, Шюке, Ризе, Мюллер, т.б. математикалық мұралары. Ньютон және оның шексіз аздар теориясы. Лейбниц және оның математикалық анализдің негізін салуға сіңірген еңбегі. XVII ғасырдағы қол жеткізілген басқа да математикалық табыстар (сан ұғымының кеңеюі, алгебралық теңдеулер теориясы, дифференциалдық геометрия, проективтік геометрия, сандар теориясы, Ферма проблемасы, комбинаторика және ықтималдықтар теориясы). Лейбництің математикалық мектебінің өкілдері (Бернуллилар династиясы, т.б.). Математика ғылымының бастау-бұлақтары (IX ғасырға дейінгі дәуір). Бағдат ғылыми мектебі. Арифметика мен алгебраның қалыптасуы. Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының математика ғылымына қосқан үлесі. Ұлықбек мектебі және оның математикалық табыстары. XVI ғасырға дейінгі Еуропа математикасы. Қайта өрлеу заманындағы математика. XVI ғасыр математи-касындағы қол жеткізілген табыстар. XVII ғасыр математи-касы. XVII ғасыр математикасы.				табыстарын білуі керек. - математиканың бұлақ-бастаулары болып табылатын негізгі идеяларды; - математиканың қалыптасуымен байланысты математикалық табыстардың ерекшеліктерін; - математиканың даму дәуіріндегі жаңалықтардың мазмұнын меңгеруі керек.
28.	Мектепте математикалық есептерді шығаруға үйретудің әдістемелік негіздері	Математикалық есептерді шешуге үйрету әдістері курсына мектеп математика курсындағы есептерді шешудің әдіс-тәсілдері және математиканы оқыту теориясы мен математикалық пәндердің әдістемелік негіздері оқылады.	3	Элементарлық математика, алгебра және сандар теориясы, математикалық анализ, геометрия, математикалық есептерді шешу практикумы	Мектепте математикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері, Олимпиада және конкурстық есептерді шығару әдістері	Күтілетін нәтижелер: математика және математикалық есептерді шешудегі құзырлы бағыттарды, математикалық есептердің жіктелімін, олардың шешу әдістерін біледі; математикалық есептерді шешу кезінде теориялық білімдерін қолдана, есептерді шешудің модельдерін құрастыра, шешімдерді талдай және есептерді шешу құрылымын кескінді көрсете алады; математикалық есептерді өз бетімен шешу біліктерінің кешенін меңгереді.
29.	Олимпиада және	Стандартты емес және олимпиадалық	3	Элементарлық	Мектепте	Пәнді оқу нәтижесінде

	конкурстық есептерді шығару әдістері	есептерді шешудің жалпы принциптері мен әдіс-тәсілдері: графтар теориясы; математикалық индукция әдісі; Дирихле принципі; комбинаторика элементтері; координат әдістері және т.б. Олимпиадалық қозғалыстың тарихы. Математикалық олимпиаданың түрлері. Олимпиадалық есептердің ерекшеліктері. Олимпиадалық есептерді шешудің тәсілдері.		математика, алгебра және сандар теориясы, математикалық анализ, геометрия, математикалық есептерді шешу практикумы	математикалық білім берудің қазіргі заманғы мәселелері, Математиканы оқытудың инновациялық әдістері, Стандартты емес тәсілдермен математикалық есептерді шешу әдістемесі, Стандартты емес есептерді шешудің әдістемелік негіздері	студенттердің абстрактылы ойлау, талдау, жүйелеу дағдылары қалыптасады, стандартты емес есептерді шешудің әртүрлі әдістерін меңгереді.
30.	Функционалды талдау	Функционалдық анализдың негізгі ұғымдары, функционалдық кеңістіктер теориясы, сызықты операторлардың жалпы теориясымен танысу. Метрикалық кеңістіктер. Толық кеңістіктер. Сепарабелдік кеңістіктер. Метрикалық кеңістіктердегі жиындарының компактылығы. Сызықты кеңістіктер. Сызықты нормаланған кеңістіктер. Гильберт кеңістігі. Сызықты нормаланған кеңістіктердегі сызықты операторлар және сызықты функционалдар. Түйіндес кеңістіктер және түйіндес операторлар	3	Математикалық талдау, Алгебра, Аналитикалық геометрия, Нақты айнымалы функциялар теориясы	математикалық физика теңдеулері, интегралдық теңдеулер	Пәнді оқу нәтижелері: - функционалдық анализдің негізгі ұғымдарын (метрика, элемент нормасы, скалярлық көбейтінді, метрикалық және нормаланған кеңістіктердегі жинақтылық, сызықтық оператор нормасы) ұғымдарын меңгеруі тиіс. - элементтің нормасын, функционалдық кеңістіктің элементтері бірізділігінің жинақтылығына зерттеу, сызықтық оператордың нормасын табу, есептерді шешуде бейнелеу принципін қолдану.

«Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі _____ А.Е. Әбілқасымова

ИНСТИТУТ МАТЕМАТИКИ, ФИЗИКИ И ИНФОРМАТИКИ

Специальность 5В010900 – Математика (бакалавр)

Академическая степень – Бакалавр по специальности 5В010900 - Математика

№ п/п	Наименование дисциплины	Краткое содержание курса с указанием цели	Кол-во кредит ов	Пререквизиты	Постреквизиты	Ожидаемые результаты изучения дисциплины (приобретаемые обучающимися знания, умения, навыки и компетенции)
1.	Основы безопасности жизнедеятельност и	Организационные основы обеспечения безопасности жизнедеятельности. Чрезвычайные ситуации мирного и военного времени, причины и последствия. Оценка обстановки при чрезвычайных ситуациях. Аварийно-спасательные и другие неотложные работы. Защита населения и объектов хозяйствования при чрезвычайных ситуациях. Действия населения в чрезвычайных ситуациях. Травмы, острые заболевания, отравления, связанные с чрезвычайными ситуациями и оказание неотложной доврачебной помощи. Особо опасные инфекции, Вич-инфекция и СПИД. Характеристика очагов поражения. Источники радиации. Естественная радиоактивность. Радиоактивное заражение местности при ядерных взрывах и авариях. Очаг химического заражения. Виды СДЯВ, их характеристика. Острая лучевая болезнь. Защита воды и продовольствия в условиях чрезвычайных ситуаций. Виды травм. Детский травматизм. Особо опасные инфекции. Понятие о ВИЧ – инфекции и СПИДе.	2	Химия. Физика. Биология. Анатомия и физиология человека.	Педагогика. Психология. Самопознание. Основы права. Безопасность труда. Экология	В результате изучения дисциплины студент должен знать: - порядок проведения спасательных работ, системы профилактических мероприятий по снижению опасности ЧС, использование средств защиты населения при ЧС; - информацию о социально-значимых болезнях и особо опасных инфекциях, распространенность, пути заражения и профилактика. уметь: * организовать проведение экстренных мер по обеспечению защиты населения и объектов народного хозяйство от воздействий поражающих факторов ЧС мирного и военного времени; диагностировать различные поражения; * применять полученные знания для обучения способам предупреждения при ЧС и распространения социально-значимых болезней и особо опасных инфекций. владеть: - оказывать первую медицинскую помощь организовать своевременную защиту населения от поражающих факторов в условиях ЧС, передачу и распространение социально-значимых болезней и особо опасных инфекций.

